

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

Филология кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

| | |
|----------------------------|---|
| Мамандық атауы: | Қазақ тілі мен әдебиеті |
| Мамандық шифры: | 5В011700 |
| Дайындау бағыты: | Білім |
| Берілетін дәрежесі: | Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры |

Элективті пәндер каталогы 5B011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы үшін дайындалды.

Құрастырушы: ф.ғ.к., аға оқытушы Нұрымова Қ.У.

«Филология» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі

Қ.У. Нұрымова

ӘК төрағасы

А.Байтенова

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрағасы

Ғ.Ералиева

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) бекітілді.

Кіріспе

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру 2 траекторияда

ұсынылады:

1. 5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 5B011701-Аударма ісі мамандандыруының білім беру траекториясы;

2. 5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 5B011702-Журналистика мамандандыруының білім беру траекториясы.

Бітірушіге «Білім бакалавры» дәрежесі беріледі.

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 5B011701-Аударма ісі мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітіруші төмендегі қызметтер атқара алады.

- білім беру: жалпы орта білім беру, жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда мұғалім (оқытушы) ретінде;

- ғылым-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер);

- әдеби-шығармашылық (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында);

- әдеби кеңесші.

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 5B011702 -Журналистика мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітіруші төмендегі қызметтер атқара алады.

- Бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет көрсету;

- жарнамалық компанияларды ұйымдастырушы;

- Телевизиядағы авторлық бағдарламаларда қызмет көрсету;

- Мерзімді басылымдарда ғылыми танымдық қызмет көрсету.

Элективтік пәндер каталогы жоғарыда аталған екі білім беру траекториясы бойынша жасалынды.

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша негізгі оқылатын таңдау пәндері бірыңғай. Кәсіптендіру пәндері циклінде мамандандырудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, кейбір төмендегідей пән айырмашылықтары көрсетіледі.

Кәсіптендіру пәндері циклы

1.1. Тілдің қоғамдық мәні \2 кредит\

1.2. Тілдің тарихи дамуы \2 кредит\

2.1. Сөздікпен жұмыс \3 кредит\

2.2. Аударма теориясы \3 кредит\

2.3. Сөзжасамның даму жолдары \3 кредит\

3.1. Аударма теориясы мен практикасы 3кред\

3.2. Пән атауы: Әдеби аударма негіздері \3кр\

3.3. Пән атауы: Тіл білімінің тарихы \3кр\

4.1. Салыстырмалы грамматика\3 кредит\ 4.2

Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы \3 кредит\

4.3.Тілдің қоғамдық мәні \3 кредит\

1.1 Журналистін кәсіби этикасы \2 кредит\

1.2 Сөз өнері теориясы \2 кредит\

1.3 Терминология \2 кредит\

2.1 Қазақ журналистикасының тарихы \3 кредит\

2.2 Сатиралық жанрлар \3 кредит\

2.3 Телеэкранның мәдениеті \3 кредит\

3.1 Телеэкранның мәдениеті \3 кредит\

3.2 Қазақ журналистикасының тарихы \3 кредит\

3.3 Сатиралық жанрлар \3 кредит\

4.1 Ғылыми танымдық журналистика \3 кредит\

4.2 Ғылыми педагогикалық басылымдар \3кред\

4.3 Телевизиядағы авторлық \3 кредит\

Жоғары оқу орнында 5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 5B011701- Аударма ісі және 5B011702 -Журналистика мамандандыруының білім беру траекториясының элективтік пәндер каталогы шеңберінде жасалынып, студенттерге таңдауға ұсынылды.

Цикл атауы: Жалпы пәндер циклы 7 - кредит (315сағат)

1.1. Пән атауы: Әлеуметтану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттерге негізгі теоретикалық бағыттар мен ғылымда қолданылатын эмпирикалық әдістер жөнінде кешенді білімдерді беру. Берілген пән әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процестер және әлеуметтік институттар - қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен, әлеуметтік дүние, тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылым-әлеуметтану маңызды орынды иеленеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігін тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімнің рөлін арттырады. Әлеуметтану адамдар өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін, ұрпақ қалдырып, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез келген құбылысты адамдық тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салдарын көруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекеттің түпкі конституциялық қағидаларын тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толығыады. Әлеуметтану қоғам туралы ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқын студенттердің меңгеруі оларға өз ортасын тануына, қоғамдағы әртүрлі оқиғалар мен жағдайларды түсінуіне септігін тигізеді.

Күтілетін нәтижелері. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

1.2. Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері (Зкредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты. Қазақстанда әлеуметтік ойдың қалыптасуы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік болмысының, дүниетанымының, әлеуметтік құндылықтар жүйелерінің айрықша нысандарына байланысты өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Қазақ әлеуметтану ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық саяси діни рухани т.б құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методикалық негізгі темір қазығы болып табылады. Оның кезеңдері Классикалық кезең - Ш.Уәлихановтан, А.Құнанбаевтан және Ы.Алтынсариннен бастау алады; 2. Дамыған ағарту ісі кезеңі. Қазіргі заманғы Қазақстандық әлеуметтану ғылымының ролі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден, қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның ролі мен маңызының арта түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтар қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға әлеуметтану ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады.

Күтілетін нәтижелері Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдынарын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру

Оқытушы: т.ғ.к. Юлдашева Ф.

1.3. Пән атауы: Жалпы және әлеуметтік педагогика (Зкредит, 135 сағат)

Мақсаты: болашақ әлеуметтік қызметкерлердің бойында жалпы және әлеуметтік-педагогика теориясы мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы:

Кіріспе. Жалпы педагогиканың теориялық негіздері. Тәрбие – қоғамдық құрылыс ретінде. Біртұтас педагогикалық үрдіс: негізі, ұйымдастыру формалары, жүзеге асыру әдістері. Әлеуметтік педагогиканың пайда болуы мен дамуы. Баланы қоғамда (социумда) дамыту. Әлеуметтік тәрбие. Әлеуметтендіру және оның факторлары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет, әдістемесі мен технологиялары. Халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізудің ерекшеліктері. Отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар. Балалықты әлеуметтік қорғау – жалпы адамзаттық проблема ретінде. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік проблема ретінде. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы әлеуметтік қамқорлық. Мектептер және әлеуметтік орта: өзара іс-қимыл жасау жолдары.

Күтілетін нәтижелер: - Жалпы және әлеуметтік-педагогиканың жалпы мағынасын түсіндіру.

- Пәнді оқу барысында жалпы және әлеуметтік-педагогика ілімін тәжірибеде қолдана отырып, әлеуметтік процестердің қазіргі таңда білуге және оны қажет уақытта тиімді қолдану.

- Жалпы және әлеуметтік-педагогика курсының меңгеру барысында студент қосымша мәліметтермен жұмыс жүргізіп, осыған байланысты талдаулар жасалынып, пәннің алатын орнын бағалай білуі қажет.

- Жалпы және әлеуметтік-педагогика оқудың тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар дағдылық маңызы бар. Оқу әдістерінде негізінен әлеуметтанудың өзге үрдістермен салыстырғанда ерекшелігіне мән беріп, студенттер тарапынан баяндамалар, эссе, кейс әзірлеу, кешендік сұрақтарға жауап беруге дағдылануы тиіс.

- Студенттердің кәсіби шеберлігін көтере отырып, өз бетімен қажетті ақпарат жинау мен әзірлеуге дағдылану.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру

Оқытушы: Жанымбеков Ә.Ж.

2.1 Пән атауы: Экономикалық теория (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Бүгінде экономикалық теория мен шаруашылық жүргізудің практикасындағы қол үзуді болдырмау міндеті қойылым отыр. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Ол қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Микро (тұтынушылар, фирмалар, жеке нарықтар) макро (жалпы экономика) және әлемдік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастар деңгейінде нарықтық экономиканың әрекет етуінің заңдары мен принциптері туралы білім алуы тиіс; Экономикалық ситуацияларды талдауда, болжауда және мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын алды алуды экономикалық үлгілерді пайдалана білуі тиіс.

Күтілетін нәтижелер: Өз бетімен ізденіс жұмыстарның қырсырын игеріп, өзінің тұжырымдарын дәлелді және экономикалық сауатты жеткізе білуі керек.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

Оқытушы: магистр Алиева Ф.У.

2.2 Пән атауы: Мемлекет және бизнес (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдаланылады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоғарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін,

менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, әдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): «Мемлекет және бизнес» пәнінің міндеті студенттерге инновациялық жобаларды басқару механизмін түсіндіру, заңдылықтарын анықтай отырып, нақты ұйымдастырушылық тапсырмаларды шешу тәсілдері мен әдістерін дайындау жөнінде ұсыныстар беру, яғни менеджментті басқару саласында маманданған, қажетті кәсіпті иеленетін адамға түсінікті болатын ғылыми жүйеге айналдыру.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің инвестициялар саласынан ғылыми және машықтарды алу; Капиталды салымдардың экономикалық негіздеуін білу; инвестициялық тәуекелдерді табу және бағалау әдістемесін үйрену; оларды қысқарту жолдарын үйрену.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

Оқытушы: магистр Мырзахметова Ж.Ж.

2.3. Пән атауы: Экономикалық ілімдер тарихы. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Жалпы экономиканы зерттеудің алғы шарты экономикалық ілімдер тарихын зерттеу. Экономикалық ілімдер тарихы пәні мен әдістері. Классикалық саяси экономиканың пайда болуы мен дамуы. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы. Неолиберализм. Кейнсиандық. Институционалдық. Социалистік ойлардың пайда болуы. XX ғасырдың экономикалық теориясына кеңес ғалымдарының үлесі. Қазақстандағы экономикалық ойлардың пайда болуы мен дамуы.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Экономикалық ілімдер тарихының пәні және әдісі. Ежелгі дүние мен ортағасырдың экономикалық ілімдері. Экономикалық ілімдер тарихының пәні. Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жаздайлар. Шығыс және көне дәуірдегі экономикалық ой-пікірлер. Орта ғасырдағы экономикалық ілімдер. Мануфактура кезеңінен кейінгі дәуірдегі смитшіл классиктердің еңбектеріндегі өзін-өзі реттейтін экономика. С.Сисмонди мен П. Прудон - мануфактурадан кейінгі кезеңнің алғашқы сыншылары. К.Маркстің экономикалық теориясы.

Күтілетін нәтижелер: Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жағдайлар танып білу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

Оқытушы: э.ғ.к., аға оқытушы Мауленкулова Г.Е.

3.1. Пән атауы: «Құқық негіздері» (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату.

Оқу пәнін оқыту мақсаты қазіргі қоғамның қажеттілігі мен мүддесінен туындап отыр. Оқуының негізгі мақсаты заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беру. Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси- құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Құқық негіздері болашақта өздерінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін, еңбекке құқығын жүзеге асыру, қоғамның және еліміздің қоғамдық- саяси өміріне белсенді қатысуға, оқушыларға заң білімдерін кешенді нысанда меңгеруге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелері: Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының

алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси - құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Пререквизиттер: Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері элеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

Постреквизиттер: Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуы үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

Оқытушы: Палванова М.

3.2. Пән атауы: «Еңбек құқығы» (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Бұл пәннің негізгі мақсаты еңбек құқық қатынастарының мәні мен құрылымын студенттер жан-жақты түсіне алатын дәрежеге жеткізу. Азаматтар еңбек ету бостандығын, конституциялық құқығын әр түрлі нысанда қолдана алатыны. Еңбек құқығы дербес құқық саласы болып табылады, оның пәні, әдісі қағидалары бар және басқа құқық салаларынан айрықша ерекшеленеді. Практикалық қызметке жоғары кәсіби дайындау, болашақ заңгерлерді парасатты тұлғалар қатарына қосу. Еңбек құқығы дүниежүзілік заңнама мен құқықтанудың дамуына әсер етті. Әрбір сағатты заңгер еңбек құқығымен танысуға тиіс. Бұл пәннің мақсаты осы кезде халықаралық құқықта түрлі мемлекеттердің сауда және басқа азаматтық еңбек қатынастарында қолданылатын еңбек құқықтан бастау алған заң термин сөздерін меңгеру болып табылады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Қазақстан Республикасының еңбек құқығы еңбек заңдылығының жүйесі, оның қағидалары, мақсаттары және құрылымы туралы мағлұмат алуы керек, оларды жетілдіру тарихын машықтау қажет, қызметкерлердің кейбір санаттарымен жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін білуі керек, жалақының нысандары мен жүйесін қамтуы керек, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және еңбек заңдылығын нормаларын қолдана білуі керек. Еңбектік және зейнетақылық салада сапалы кеңес беру, сонымен қатар еңбек құқығын еңбектік және элеуметтік қамсыздандырушылық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру үрдісінде пайдалана білуі керек.

Күтілетін нәтижелері: - «ҚР еңбек құқығы» курсын оқып бітірген соң студент ҚР еңбек заңдылығының жүйесін, оның қағидаларын, мақсаттары және құрылымы туралы мағлұмат алады;

- Қызметкерлердің кейбір санаттарының жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін, жалақының нысандары мен жүйесін қамту керек;

- Лауазымды тұлғалар мен қызметкердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және заңдылығының нормаларын қолдана білу керек.

Пререквизиттер: Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері элеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

Постреквизиттер: Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуы үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

Оқытушы: Жаналиева А.

3.3. Пән атауы: «Әкімшілік құқық» (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Әкімшілік құқық негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады. Әкімшілік құқық атқарушы биліктің ресімделуін түсіну үшін, биліктің субъектісін дараландырып, атқарушы билік органдарының ұйымдастырылуымен байланысты қатынастарды, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдар мен мемлекеттік басқару органдары арақатынасы кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси және құқықтық жүйелері елеулі түрде өзгереді. Осындай жағдайларда әкімшілік құқық жүйенің негіздеуші саласы ретінде жаңа түрін алады. Егеменді Қазақстанның жаңа мақсаттарына сәйкес экономикалық, саяси құқықтық және әлеуметтік мәдени салаларының әкімшілік құқықтық институттарын қайтадан қарастыру мүмкіндігі туындап отыр; құқықтық мемлекет идеялары билікті бөлу, адамның құқықтары және бостандықтарының басымдылығын қарастыру кезінде әкімшілік құқығының проблемаларын ескеру қажет.

Мемлекет ролінің, мемлекеттік басқарудың мәні, нысаны және әдістерінің өзгеруі әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің құралымы мен мазмұнын сын көзбен қарауын қажет етеді. Заңнаманың жаңаруы және оның тұрақты түрде өзгеріп отыруы әкімшілік құқықтық нормалар мен институттардың мазмұнына әсер ететін маңызды деректердің бірі болып табылады.

Күтілетін нәтижелері: Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы пәнін оқыту міндеттері:

- басқармалық қатынастардың ерекшеліктері мен мағынасын зерттеу;
- басқармалық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқықтық нормалардың қызметін анықтау;
- әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық орнын анықтау;
- әкімшілік қызметінің әдістері мен түрлерін зерттеу;
- әкімшілік құқықтың субъектілерінің жұмысында заңдылық тәртібін қамтамасыздандыратын тәсілдерін белгілеу.

Пререквизиттер: Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

Постреквизиттер: Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуды үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

Оқытушы: Бекбутаев Қ.

Цикл атауы: Базалық пәндер циклы – 49 кредит (2205 сағат)

4.1. Пән атауы: Тіл біліміне кіріспе (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Тіл біліміне кіріспе» курсының басты мақсаты – студенттерді тіл туралы ғылымның негізімен таныстырады. Тіл туралы ғылымның алғашқы кіріспесі болып табылатын бұл курста тіл теориясын атап айтқанда тілдің ішкі құрылымы және оның ойлаумен, қоғаммен, қоғам дамуының тарихымен, тілдің функциональдық және құрылымдық баламалармен байланысы және т.б. мәселелер қарастырылады.

Қысқаша мазмұны: Студенттер аталмыш курста лингвистикалық терминдермен танысып, оларды ғылыми тұрғыдан пайдалануға үйренуі қажет. Тіл білімінің негізгі нысаны тіл болғандықтан, оның табиғаты, қоғамдық мәні, тілдің пайда болу теориялары, оның құрылымдық және жүйелік сипаттары, құрылымдық элементтердің бір-бірімен байланысы, арақатынастары, тілдер дамуындағы ортақ қасиеттер мен ерекшеліктер жалпы халықтық тіл мен оның өмір сүру формалары, тілдердің типологиялық және генеологиялық топтастырулары, жазудың пайда болуы мен даму үрдістері, тіл білімінің зерттеу әдістері мен методологиясы, басқа ғылымдар жүйесімен байланысы және т.б. мәселелер тұрғысында студенттердің өзіндік ойы мен тұжырымдары болуы қажет.

Күтілетін нәтижелер: «Тіл біліміне кіріспе» курсы қазақ филологиясының студенттері үшін өз ана тілінің құрылымын, фактілерін ғылымын терең түсінуге, ана тілінің туыс тілдермен генетикалық жақындығын білуіне, ал басқа туыс емес тілдермен типологиялық ұқсастықтарын салыстыруға мүмкіндік береді.

Пререквизит: Жоқ

Постреквизит: Жалпы тіл білімі

Оқытушы: Исакулова М.М.

4.2 Пән атауы: Тілдің қоғамдық мәні (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Тіл қоғамдық мәні» курсының басты мақсаты – студенттерді тілдің қоғамдағы мәні туралы негізімен таныстырады. Тілдің қоғамдағы мәні туралы кіріспесі тілдің теориясын, оның ішкі құрылымын ойлаумен, қоғаммен, қоғам дамуының тарихымен, тілдің құрылымдық баламалармен байланысын қарастырады.

Қысқаша мазмұны: Аталған курста тілдің қоғамдық терминдермен танысып, оларды ғылыми тұрғыдан пайдалануға үйренуі қажет. Тілдің табиғаты, қоғамдық мәні, пайда болуы, бір-бірімен байланысы, арақатынастары тұрғысында студенттердің өзіндік ойы мен тұжырымдары болуы қажет.

Күтілетін нәтижелер: Тілдің қоғамдық мәні, тіл және ойлау, тіл және сөйлеу, тілдің табиғаты, тілдің қоғамдық қызметі, тіл және ойлау, тілдің таңбалық сипаты. Тіл мен қоғамның арасындағы байланыс. Тіл мен ойлау өзара байланысты екендігін түсіндіру.

Пререквизит: Педагогикалық мамандығына кіріспе.

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.

Оқытушы: Жантасова З.

4.3 Пән атауы: Тілдің тарихи дамуы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Тіл тарихи дамуы» курсының басты мақсаты – тілдің шығуы туралы ғылымның негізімен таныстырады. Тілдің тарихи дамуы туралы бұл курста тіл теориясын атап айтқанда тілдің ішкі құрылымы және оның ойлаумен, қоғаммен, қоғам дамуының тарихымен, тілдің функциональдық және құрылымдық баламалармен байланысы және т.б. мәселелер қарастырылады.

Қысқаша мазмұны: Тілдің шығуы туралы теориялардың тағы бірі – қоғамдық шарттасу теориясы. Бұл теория бойынша алғашқы адамдар сөздерді өзара келісе отырып шарттасып жасаған. Осыдан келіп тіл пайда болған дейді. Тіл туралы келісу, шарттасу үшін, ол адамдардың бұрыннан тілі болуы керек қой. Олай болса, бұл теория да ешбір дәлелсіз. Біртұтас тіл теориясы. 'Тілдің даму кезеңдері.

Күтілетін нәтижелер: Ұлт тілдері. Қазіргі қоғамның даму кезеңіндегі әдеби тілдердің жайы. Жазба тілдер. Әдеби тілдік норма. Әдеби тіл және ұлттық мәдениет. Тілдердің өзара қарым-қатынасы. Субстрат, суперстрат, интерстрат құбылыстары. Кең таралған тілдер. Дүние жүзі тілдері, олардың жіктелуі. Халықаралық жасанды тілдер. Машина тілі және оның қолданылуын қамтиды.

Пререквизит: Педагогикалық мамандығына кіріспе.

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.

Оқытушы: Құланова С.

5.1 Пән атауы: Әдебиеттануға кіріспе (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Әдебиеттану пәні әдебиеттің түрлі кезеңдеріндегі тарихынан білімі бар ұғымы қалыптасқан әдебиеттің, өнердің өзекті теориялық мәселелерін қазіргі ғылымның озық жетістіктері негізінде жан-жақты, тарихи тұрғыда қарастыру.

Қысқаша мазмұны: Бұл пән 1-курс (жеделдетілген) студенттерін әдебиет туралы ғылымның негізгі әсемдік, көркемдік жайлы әдеби-теориялық түсінігін, көркемдік-эстетикалық танымын қалыптастыру, көркем туындыны талдау, бағалау жолдарына машықтану мақсатын көздейді. Лекциялық және семинар сабақтарында әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы, өнердің

қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері, көркем туындының тақырыбы мен идеясы, мазмұны мен пішіні, композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру, көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысы, әдебиеттің тектері мен түрлері, көркемдік әдістер мен бағыт-ағымдар, стиль мәселесі т.б. жөнінде жан-жақты мәлімет беріліп, студенттердің әдеби-теориялық ұғымының қалыптасуына мүмкіндік жасалады.

Күтілетін нәтижелер: Пәннен сабақ жүргізу барысында тарих, тіл білімі, философия, эстетика, халықтық педагогика, психология т.б. ғылымдармен пәнаралық байланыс жүзеге асырылады.

Пререквизит: Жоқ.

Постреквизит: Әдебиет теориясы.

Оқытушы: Бахадырова С.

5.2 Пән атауы: Өлең құрылысы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Өлең құрылысының қалыптасуы, өрістеуі, одан әрі шындалып, жетілуі, байып – толысуы секілді түйінді мәселелерді жан – жақты таныстыру, өлең жүйесінің өзіндік, ішкі өзгешелік – заңдылықтарын таныту негізгі мақсаттардың біріне саналады.

Қысқаша мазмұны: Қазақ өлеңінің құрылысы таңдау курсы оқытудағы басты міндет қазақ поэзиясындағы тіл кестесі мен өлең құрылысы жайлы мәселелерді жүйелі түрде оқыту.

Күтілетін нәтижелер: Бағдарлама сөз өнері, оның ішінде қазақ өлеңінің құрылысын талдау мен монографиялық еңбектер ауқымында оқытуды көздейді.

Пререквизит: Педагогикалық мамандығына кіріспе.

Постреквизит: Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дәуір әдебиеті.

Оқытушы: Құланова С.

5.3 Пән атауы: Сөз өнері теориясы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Сөз өнерін оқытудың мақсаты көркем сөйлеуге және әдеби тілде сөйлеуге үйрету.

Қысқаша мазмұны: Сөз өнері - әдебиеттің өнер ретіндегі ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын, көркемдік әдіс, стиль, жанр мәселелерін, көркем туындының құрылысын, сюжетін қарастыру, әдебиет туралы ғылымның көркемөнер теориясы, эстетика, философия, тарих ғылымдарымен байланысын талқылау.

Күтілетін нәтижелер: Бұл пән арқылы қазақ сөз өнерінің көркем туындының құрылысын, сюжетін қарастыру, әдебиет туралы ғылымның көркемөнер теориясы туралы мағлұматтар беруді көздейді..

Пререквизит: Педагогикалық мамандығына кіріспе.

Постреквизит: Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дәуір әдебиеті.

Оқытушы: Тұрсыманова Ф.

6.1 Пән атауы : Педагогикалық мамандыққа кіріспе (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практиксын зерделеу және функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықау.

Қысқаша мазмұны: Білім беру процесінде оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу, білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.Қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық –техникалық базасын нығайту және білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету. Стандарттар ,оқу жоспарлары мен бағдармалар.

Күтілетін нәтижелер: Тәрбие саласындағы жұмыстарға әлеуметтік көзқарас оң тұрғыда қалыптасады, білім алушылардың ізденіс қабілеті өседі, дүниетанымы кенейеді.Педагогикалық ұжымның бәселекестік қабілеті артады.

Пререквизит: Жоқ.

Постреквизит: Педагогика.

Оқытушы: Құланова С.

6.2 Пән атауы : Өзін-өзі тану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: адамның қоршаған ортаны танып, өзінің ішкі жан-дүниесіне үніліп, өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік рухани әлеуетін көтеру.

Қысқаша мазмұны: Өзін-өзі тану адамға өзін-өзі анықтауға, жақсы қасиеттерін ашуға, өзіне адалдыққа, өзіндік адамгершілікті үнемі және Адам, осы сөздің толық мағнасында болып қалу үшін қажет.

Күтілетін нәтижелер: Білім алушы діннен, философиядан және ғылымнан хабары болады және құраннан, хадистен, хикметтерден, әдет-ғұрып, салт-дәстүрден, акын-жырау, жазушы, билер мен шешендердің қалдырған ғибраттарын толық ұғынады.

Пререквизит: Психология

Постреквизит: Практика

Оқытушы: Кыпшақбаева С.

6.3 Пән атауы: Әлеуметтану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: әлеуметтану пәнінің зерттейтін нысанасы, оның негізін салушылардың еңбектері. Пәннің қалыптасуы мен дамуы тұрғысынан зерттеу.

Қысқаша мазмұны: Әлеуметтану пәнінің екі негізгі тенденциясы. Макросоциологиялық және микросоциологиялық болып екі түрге бөлінуі. Пәннің қалыптасу кезеңдеріндегі әр түрлі әлеуметтік заңдар мен құбылыстардың, үрдістердің негізгі қағидаттарын теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеру.

Күтілетін нәтижелер: Әлеуметтік ой дамуының негізгі тарихи кезеңдерін талдай білу. Әлеуметтану пәніне қоғам, әлеуметтік құрылым ретінде, жүйе ретінде талдай білу.

Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизит: Социология

Оқытушы: Ералиева Ғ.

7.1 Пән атауы: Нормативті қазақ тілі (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттердің сөздік қорын байыту, мақал – мәтел тұрақты сөз тіркестерді орынды қолдана білуге дағдыландыру, сөз мағынасын терең түсіне білуге үйрету, сөз тіркестері мен сөйлем қолданыстарын меңгерумен қатар сауатты жазу, әдеби тілде мәдениетті сөйлей білуге жаттықтыру – бүгінгі мәселелердің бірі. Студенттердің тілін дамыту курстың барлық саласымен үздіксіз байланысты жүргізіліп отырады. Пәннің негізгі мақсаты – студенттің қазақ тілінен меңгерген білім, дағды негіздерін жетілдіру, жоғары курстарда өтілетін ғылыми курсқа дайындау. Тіл нормаларын сақтап, сауатты жаза білуге, әдеби тілде мәдениетті сөйлей білуге дағдыландыру.

Қысқаша мазмұны: Осылардың баршасы, тілдің өзіне әлеумет назарын аудартып, оның дұрыс, жемісті қызмет етуіне қойылатын талаптарды күшейтті. Қазақ тілі әлеуметтік қызмет атқарып қана қоймай, оның дұрыс, сындарлы, мәдениеті, түрде қолданылуы күн тәртібіне қойылды. Осы уақыт талабын орындау ең алдымен қазақ тілі мамандарына жүктеледі. Сол себепті тіл мәдениетінің ең өзекті мәселесі тілдік норма мен оның кодификациясын меңгеру үшін оқу бағдарламасына «Нормативті қазақ тілі» пәні ендірілді.

Күтілетін нәтижелер: Қазақтың бүгінгі ұлттық жазба әдеби тілінің әлеуметтік қызмет өрісі кеңейе түсті, функционалдық стильдері сараланып, әрқайсысы өзіндік белгілерімен айқындалды, қоғамға қызмет етуінің ауызша да, жазбаша да түрі жанданды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы ұлттық сананы тәрбиелеуде, ұлттық намысты қорғауда, ұлттық мәдениетті көтеруде үлкен мәні бар факторлар.

Пререквизит: Тіл біліміне кіріспе

Постреквизит: Жалпы тіл білімі.

Оқытушы: Айтенова Д.

7.2 Пән атауы: Морфология практикумы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазіргі қазақ тілінің грамматика саласы бойынша кейбір өзекті мәселелерді қарастыру. Жалаң және күрделі сөздер. Морфологияның дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерімен таныстыру. Сөз формаларының жасалу тәсілдерін меңгерту.

Қысқаша мазмұны: Морфология практикумында сөз тұлғаларының түрленуін, бөлшектенуін, әр түрлі өзгеріске түсуін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүйесімен айналысады. Сөздің тұлғасы, мағынасы және атқаратын қызметі сөйлем құрамында ғана анықталатын болғандықтан, сөзді синтаксиспен байланыстыра қарастыру жолдары қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Морфологияның шығу тарихын, даму жолдары мен арналарын жан-жақты ұғынып, талдай алу мүмкіншілігін қалыптастыру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Оқытушы: Жумагулова Қ.

7.3 Пән атауы: Сөзжасамның даму жолдары (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке пән ретінде оқытылды. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияны қолданылды. Мұнымен қоса сөзжасам мәселесінің жеке тақырыптарынан шыққан еңбектер мен А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулығындағы, С.Исаевтің «Қазақ тілінің грамматикалық көрсеткіштері» аты еңбегіндегі сөзжасам туралы мәліметті қолдану.

Қысқаша мазмұны: Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарына қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке пән ретінде оқытылады. Бұл пән Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасының ұсынысы бойынша 1990 жылы қазақ тілінің сөзжасамы пән ретінде кіріп, 1992 жылы оның профессор Н.Оралбаева құрастырған бағдарламасы тұңғыш рет баспадан шыққан еді. Содан бері бұл пән осы бағдарлама негізінде оқытылып келеді. Оқулық болмағандықтан, университеттер А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты 1989 жылы баспадан шығарған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияны қолданып келді. Мұнымен қоса сөзжасам мәселесінің жеке тақырыптарынан шыққан еңбектер мен А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулығындағы, С.Исаевтің «Қазақ тілінің грамматикалық көрсеткіштері» аты еңбегіндегі сөзжасам туралы мәлімет те қолданылды.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тілі пәнінің барлық талдау түрлерін меңгеру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Оқытушы: Турсуманова Ф.

8.1. Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» курсының басты мақсаты – студенттерді тілдің қоғамдағы мәні туралы негізімен таныстырады. Тілдің қоғамдағы мәні туралы кіріспесі тілдің теориясын, оның ішкі құрылымын ойлаумен, қоғаммен, қоғам дамуының тарихымен, тілдің құрылымдық баламалармен байланысын қарастырады. Студенттерге сөздердің мағынасы, шығу төркіні, стильдік мәні мен сипаты, қолданылу қабілеттілігі туралы, қысқасы, тілдің лексикалық жүйесі жөнінде жан-жақты мағлұмат береді.

Қысқаша мазмұны: Жалпы білім беретін «қазіргі қазақ тілі» курсы маман ретінде меңгеру «Фонетиканы» оқып үйренуден басталады. Осыған орай пәнді оқыту барысында студенттерге сөздердің дыбысталу жүйесін, буын құрамы мен түрлерін, мағынасын, орфографиясы мен орфоэпиясын қолданылу қабілеттілігі туралы, қысқасы, тілдің фонетикалық жүйесі жөнінде жан-жақты мағлұмат беру мақсат етіледі. Пәнді оқытуда алға қойылатын басты міндет - оқытудың қалыптасқан әдістерінің (лекциялық, практикалық, лабораториялық сабақтар т.б) негізінде студенттердің жеткілікті дәрежеде білім алуын қамтамасыз ету. : Жалпы білім беретін «қазіргі қазақ тілі» курсы маман ретінде меңгеру «Лексикология» оқып үйренуден басталады. Орта мектепте көп мағыналылық, омонимдер, синонимдер, антонимдер, тұрақты тіркестер сияқты қазақ тілі лексикасының кейбір тараулары ғана үйретілген болса, жоғарғы оқу орындарында бұл тақырыптар әлдеқайда кеңейтіліп өтіледі, тіпті талапкерлерге бұрын мүлдем бейтаныс мәселелер де қарастырылады. Осыған орай пәнді оқыту барысында студенттерге

сөздердің мағынасы, шығу төркіні, стильдік мәні мен сипаты, қолданылу қабілеттілігі туралы, қысқасы, тілдің лексикалық жүйесі жөнінде жан-жақты мағлұмат беру мақсат етіледі.

Күтілетін нәтижелер: Орта мектепте болашақта «Қазақ тілі» пәнінен сабақ беретін мұғалім фонетиканың жалпы мәселелерін ғана емес, сөздік құрам туралы ілімнің даму тенденцияларын да білуі қажет. Лексикология тіл білімінің бір саласы екендігі, сөздердің теориясы мен практикалық мәнін үйрететін ғылыми курс екендігі. Оның жекелеген сөздерді, сөздердің тобын ғана емес, тілдердің қалыптасқан лексикалық жүйесін зерттейді.

Пререквизит: Жоқ.

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы.

Оқытушы: Исакулова М.М.

8.2 Пән атауы: Тіл дыбыстары (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: «Тіл дыбыстары» курсының басты мақсаты – студенттерді тілдің шығуымен таныстырады. Тіл дыбыстарының пайда болуы, түрлері туралы тілдің құрылымдық баламалармен байланысын қарастырады.

Қысқаша мазмұны: Сөйлеу және жазудың маңызы, арақатысы, тілдегі орны. Сөйлеу, жазудың дыбыстар арқасында іске асатыны. Дыбыстың тілдегі қызметі. Қатынас құралы ретінде дыбыстық тілдің алар орны. Тіл дыбыстары. Тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде біріне – бірі ықпал етіп, үйлесіп, үндесіп, тіркесіп тұрудың тетігі, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың ара қатынасы, орфография, орфоэпия сынды тағы басқа дыбысталуға қатысты мәселелер.

Күтілетін нәтижелер: Фонетиканың зерттеу нысанасы туралы түсінік. Дыбыс, әріп, алфавит Сөздің тіл дыбыстарының жиынтығынан жасалатындығы, әріп тіл дыбыстарыны жазудағы шартты таңбасы екендігін көрсетеді.

Пререквизит: Тіл біліміне кіріспе,

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Оқытушы: Керимбаев Е.

8.3 Пән атауы: Қазақ тілін жаңа технология бойынша оқыту (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Оқытудың жаңа технологиялары туралы түсінік беру және қолданудың кезеңдерін бөліп қарастыру. Жаңа педагогикалық технология, ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, деңгейлік саралау технологиясы, жекелеп оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы т.б. әдіс-тәсілдерді меңгерту.

Қысқаша мазмұны: Оқытуда жаңа технологиялардың түрлері мен типтеріне талдау жасау. Қазақ, орыс, ағылшын, тілдерінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктерді ескере отырып методиканың барлық түрін ыңғайластыра отырып пайдалана білуге үйретудің жолдарын қарастыру.

Күтілетін нәтижелер: Жаңа технологияларды жан-жақты меңгерту шығармашылық тұлға қалыптастырудың бірден бір жолы. Дәстүрлі өтіліп жүрген дәрістер мен жаңашыл тәсілдермен өтілетін дәрістердің айырмашылығы мен жетістіктерін, кемшін түсіп жатқан тұстарын бағамдау.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы,

Постреквизит: Көркем тексті лингвистикалық талдау

Оқытушы: Нұрымова Қ.

9.1 Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Сөзжасам - зерттеу нысаны. Сөзжасам морфологияның құрамында сөз табына қатысты танылды. Қазақ тіл білімінде сөзжасам – жеке сала. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі екшеліп, толығып қалыптасқан, жүйелі құбылыс. Сөздің грамматикалық, лексикалық мағынасы, жалпы және жеке грамматикалық мағыналарымен құрылысымен таныстыру. Қазақ тіліндегі грамматикалық мағыналардың жасалу жолдары мен амал-тәсілдердің, грамматикалық формаларды, грамматикалық категорияларды, сөздердің морфологиялық құрылымын оқыту.

Қысқаша мазмұны: Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы ретінде танылуы – оның өзіндік зерттеу нысанының болуы. Бұрын сөзжасам саласы морфологияның құрамында сөз табына қатысты танылып келді. Қазақ тіл білімінде сөзжасам – жеке сала. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі

ұзақ замандардан бері екшеліп, толығып қалыптасқан, өзіндік заңдылықтары жетілген жүйелі құбылыс. Сөздің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағынасы. Жалпы және жеке грамматикалық мағыналар. өз құрылысы. Сөздердің морфологиялық құрылымын, сөз формаларының жасалу тәсілдерін, сөздердің грамматикалық сипаттарына қарай грамматикалық топтарға, сөз таптарына бөлінуін зерттейді. Негізгі грамматикалық ұғымдар. Грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық морфологиялық құрылымы.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тілі пәнінің барлық талдау түрлерін меңгеру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы.

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі.

Оқытушы: Исакулова М. М.

9.2 Пән атауы: Морфология практикумы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазіргі қазақ тілінің грамматика саласы бойынша кейбір өзекті мәселелерді қарастыру. Жалаң және күрделі сөздер. Морфологияның дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерімен таныстыру. Сөз формаларының жасалу тәсілдерін меңгерту.

Қысқаша мазмұны: Морфология практикумында сөз тұлғаларының түрленуін, бөлшектенуін, әр түрлі өзгеріске түсуін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүйесімен айналысады. Сөздің тұлғасы, мағынасы және атқаратын қызметі сөйлем құрамында ғана анықталатын болғандықтан, сөзді синтаксиспен байланыстыра қарастыру жолдары қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Морфологияның шығу тарихын, даму жолдары мен арналарын жан-жақты ұғынып, талдай алу мүмкіншілігін қалыптастыру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Оқытушы: Жумагулова Қ.

9.3 Пән атауы: Сөзжасамның даму жолдары (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке пән ретінде оқытылды. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияны қолданылды. Мұнымен қоса сөзжасам мәселесінің жеке тақырыптарынан шыққан еңбектер мен А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулығындағы, С.Исаевтің «Қазақ тілінің грамматикалық көрсеткіштері» аты еңбегіндегі сөзжасам туралы мәліметті қолдану.

Қысқаша мазмұны: Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарына қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке пән ретінде оқытылады. Бұл пән Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасының ұсынысы бойынша 1990 жылы қазақ тілінің сөзжасамы пән ретінде кіріп, 1992 жылы оның профессор Н.Оралбаева құрастырған бағдарламасы тұңғыш рет баспадан шыққан еді. Содан бері бұл пән осы бағдарлама негізінде оқытылып келеді. Оқулық болмағандықтан, университеттер А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты 1989 жылы баспадан шығарған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияны қолданып келді. Мұнымен қоса сөзжасам мәселесінің жеке тақырыптарынан шыққан еңбектер мен А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулығындағы, С.Исаевтің «Қазақ тілінің грамматикалық көрсеткіштері» аты еңбегіндегі сөзжасам туралы мәлімет те қолданылды.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тілі пәнінің барлық талдау түрлерін меңгеру.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Постреквизит: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Оқытушы: Турсуманова Ф.

10.1 Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Синтаксис ғылымы осы сөйлемнің құрылысын зерттейді. Синтаксис-грамматиканың морфология секілді өзекті саласының бірі. Синтаксис гректің *sintaxis* – құрау, құрастыру, түзу деген сөзінің негізінде пайда болған. Синтаксис термині тіл білімінде екі түрлі мағынада жұмсалады: біріншісі-коммуникация (пікір алысу) үстінде жұмсалатын тіл

тұлғаларының құрылысы, екіншісі- тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы мағынасында оқыту.

Қысқаша мазмұны: Тілдің негізгі коммуникативтік, яғни пікір алысу үшін жұмсалатын тұлғасы деп сөйлемді айтамыз. Сөйлем адамның ең күрделі ойлау жұмысымен байланысты. Сөз затты, құбылысты атайды, бұл да күрделі ой жұмысының нәтижесі. Бірақ осынысына қарамай сөз және сөз тіркесі де пікір алысу үшін жұмсалатын негізгі тілдік тұлға қатарына жатпайды. Пікір алысу, қарым-қатынас жасау үстінде сөйлем жұмсалады. Өйткені қарым-қатынас пікір білдіру арқылы жүзеге асатындығын оқыту.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер мәселелеріне арналған жаңа зерттеулердің нәтижелері, жалпы тіл біліміндегі теориялық тұжырымдар қамтылады.

Пререквизит: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы.

Постреквизит: Жок.

Оқытушы: Жумагулова Қ.

10.2 Пән атауы: Қазақ тілін жаңа технология бойынша оқыту (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Оқытудың жаңа технологиялары туралы түсінік беру және қолданудың кезеңдерін бөліп қарастыру. Жаңа педагогикалық технология, ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, деңгейлік саралау технологиясы, жекелеп оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы т.б. әдіс-тәсілдерді меңгерту.

Қысқаша мазмұны: Оқытуда жаңа технологиялардың түрлері мен типтеріне талдау жасау. Қазақ, орыс, ағылшын, тілдерінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктерді ескере отырып методиканың барлық түрін ыңғайластыра отырып пайдалана білуге үйретудің жолдарын қарастыру.

